

ВЕЛОМАУСЫМ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ӘДЕБИЕТКЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Халқымыз ежелден «тазалық» ұғымына ерекше мән берген. Жұртымыз «таза» сөзін кең мағынада қолданады. Мысалы, арлы, ниеті түзу, адал адам туралы айтқан кезде «ары таза, ойы таза, жүрегі таза» адам деп сипаттаған. Бабаларымыз әрдайым табиғатпен етене байланыста өмір сүрген, қоршаған ортаны қорғау қастерлі міндет деп санаған. «Обал болады» деп, жас ұрпақты табиғатқа ешқандай зиян келтірмеуге үйреткен. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, Жер-Анаға жанашыр жүрекпен қарауға тәрбиелеген.

№49
(4947)
Сейсенбі
28 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТАЗАЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ – ТӘРБИЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысып, экобелсенділермен бірге елорданың «Самал» саябағында ағаш отырғызды. Шара аясында қаланың барлық ауданында абаттандыру және көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Қала аумағын санитарлық тазартуға, абаттандыруға және көгалдандыруға бағытталған іс-шараға 120 мыңнан астам тұрғын, сондай-ақ 3,5 мыңнан аса кәсіпорын, ұйым мен мекеме қатысты.



ИЗРАИЛЬ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Израиль Президенті Ицхак Герцогты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.


Президенттер бір-біріне делегация мүшелерін таныстырғаннан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Израиль Президенті Ицхак Герцог шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Ицхак Герцогпен еліміздің төрінде жүздескеніне қуанышты екенін айтты. «Ең әуелі, екі ел арасындағы қарым-қатынастың іргесін қалауға Сіздің әкеңіз, Израиль Мемлекетінің бұрынғы Президенті Хаим Герцогтың ерекше еңбек сіңіргенін атап өткім келеді. 1992 жылдан бері қос халық ортасында тығыз достық байланыс орнады. Өзара ынтымақтастықта, әсіресе, экономика және саяси бағыттарда елеулі табысқа қол жеткіздік. Еліміз Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешім қабылдады. Бұл қадам Таяу Шығыс елдері мен Израиль арасындағы қарым-қатынастың қалпына келуіне Қазақстанның да үлес қосуға дайын екенін көрсетеді. Бүгін біз өзара экономикалық байланыстарымызға қатысты көптеген мәселені талқылаймыз. Өйткені екіжақты ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Бұл мүмкіндікті мейлінше пайдалану керек» деді Мемлекет басшысы.

Израиль Президенті 1993 жылы Қазақстанға сапар жасаған әкесі Хаим Герцогтың ізін жалғап Ақордаға келгені үшін қуанышты екенін жеткізді.

КӨЛІК КАРТАСЫН АЛЫҢЫЗ

28 сәуірден бастап Астана қаласының оқушылары мен жеңілдік санаттарына арналған LRT атаулы көлік картасын рәсімдеуге онлайн өтінім беру қызметі іске қосылады. Бұл туралы City Transportation Systems баспасөз қызметі хабарлады.

«LRT атаулы көлік картасын елорданың білім беру ұйымдарының 7 жастан 18 жасқа дейінгі оқушылары, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеңілдік санаттарына жататын, Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтары ала алады. Картаның дайын болғаны туралы пайдаланушы өтінім беру кезінде көрсеткен телефон нөміріне SMS-хабарлама келеді. Картаны дайындау құны – 1 200 теңге» делінген хабарламада. Өтінім беру тек онлайн форматта transcard.kz ресми сайты арқылы жүзеге асырылады.



ПАРИЖДЕ ТОП ЖАРДЫ

Франция астанасы Париж қаласында джиу-джитсудан ересектер арасында өткен PARIS JUJITSU GRAND PRIX 2026 (JJIF Grand Prix) халықаралық турнирі өз мәресіне жетті.

Елорда әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, бұл жарыста әлемнің 28 елінен жиналған 550 спортшы бақ сынаған. Осы турнирде Қазақстан намысын қорғаған Астана қаласының екі спортшысы жоғары нәтиже көрсетіп, Париж төрінде топ жарды. Атап айтқанда, жарыстың алғашқы күні 56 келі салмақ дәрежесінде татамиге шыққан Бекзат Қазтаев қарсыластарының бәрінен басым түсіп, чемпион атанды. Ал жарыстың екінші күнінде 85 келі салмақ дәрежесінде белдескен Мерей Қабдуллаев та жоғары деңгейдегі шеберлігін көрсетіп, алтын жүлдені қанжығасына байлады.

№49 (4947) 28/04/2026 Сейсенбі



ТАЗАЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ – ТӘРБИЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысып, экобелсенділермен бірге елорданың «Самал» саябағында ағаш отырғызды.

1,1 МИЛЛИОН ТҮП ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЕГІЛЕДІ

Бұдан кейін Президентке жауапты мемлекеттік орган басшылары атқарылған жұмыс жайында баяндады. Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысына шаһарды абаттандыру, қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыру, сондай-ақ қолайлы және қауіпсіз қала қалыптастыру бағытында қолға алынған шаралар жөнінде мәлімет берді. Оның айтуынша, биыл елордада 173 орынды (қоғамдық кеңістіктер мен аулалар) жаңғырту, 1,1 миллион түп жасыл желек, атап айтқанда, көшеттер, бұталар, гүлдер мен ағаштар егу жоспарланып отыр. Негізгі жобалардың бірі – тұрғындар көп келетін «Самал» саябағы. Аталған аумақ отбасылық демалысқа, спортпен шұғылдануға және мәдени іс-шараларға ыңғайлы кеңістік ретінде жобалануда. Саябақта мұз айдыны, серуендеу бағдарлары, жаяу жүргінші көпірі, тоған, балаларға арналған ойын алаңы мен демалысқа ыңғайлы кеңістік қарастырылған.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Таза Қазақстан» акциясы басталған екі жыл ішінде 1,5 мың экологиялық іс-шара ұйымдастырылғанын жеткізді. Осы уақыт аралығында 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық тал егілген. Жыл сайын бұл бастамаға 6,5 миллион адам, соның ішінде 780 мың волонтер қатысады. Министрдің айтуынша, 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру үшін 1 миллионнан аса гектарға 1 648,4 миллион түп көшет отырғызылған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион ағаш егілді. Алдағы уақытта 1 760 мың гектар жерді қамтитын 46 экоаумақ құрылады.

Іс-шараға Ақсу-Жабағылы табиғи қорығынан Түркістан облысы әкімі Нұралхан Көшеров пен эковолонтер Аида Мақанбай, Жайық жағасынан Батыс Қазақстан облысы әкімі Нариман Төреғалиев пен экобелсенді Нұрсұлтан Сәрсенбаев, Шығыс Қазақстан облысынан аймақ әкімі Нұрымбет Сақтағанов пен Үлбі металлургия зауытының басқарма төрағасы Сергей Бежецкий, Баянауылдан Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов пен «Жасыл ел» Павлодар облысы штабының жетекшісі Русана Сулаймонова бейнебайланыс арқылы қосылып, жалпыұлттық экологиялық акция аясында өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

ТАЗАЛЫҚ – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Акция барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, екі жыл бұрын тағылымы мол, мән-мазмұны айрықша «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталғанын айтты. «Халқымыз ежелден «тазалық» ұғымына ерекше мән берген. Жұртымыз «таза» сөзін кең мағынада қолданады. Мысалы, арлы, ниеті түзу, адал адам туралы айтқан кезде «ары таза, ойы таза, жүрегі таза» адам деп сипаттаған. Бабаларымыз әрдайым табиғатпен етене байланыста өмір сүрген, қоршаған ортаны қорғау қастерлі міндет деп санаған. «Обал болады» деп, жас ұрпақты табиғатқа ешқандай зиян келтірмеуге үйреткен. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, Жер-Анаға жанашыр жүрекпен қарауға тәрбиелеген. Міне, бүгін де тазалық ұғымы ұлтымыздың болмыс-бітіміне тән асыл қасиетке, қоғамдық мәні зор құндылыққа айналып жатыр. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы – соның айқын көрінісі. Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мызғымас ұстанымы. Ақ пейілмен, түзу ниетпен қолға алған әрбір іс берекелі болады. «Таза Қазақстан» – дәл осындай бірегей бастама. Бұл жоба миллиондаған отаншыл азаматымыздың адал еңбегінің арқасында жалпыхалықтық қозғалысқа айналды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҢА ИДЕОЛОГИЯНЫҢ БАСТЫ ДӘРІПТЕУШІСІ – ЖАСТАР

Президент Қазақстанда соңғы жылдары көп өзгеріс болғанын, бұл көзге көрініп тұрғанын атап өтті. «Қалаларымыз бен ауылдарымыз тазарып, топырақтың, судың, ауаның ластануы азая түсті. Ірі кәсіпорындарда зиянды шығарындыларды төмендету бағытында жұмыс атқарылып, үздік экологиялық тәжірибелер енгізілуде, қатты қалдықтарды қайта өңдеу ісінде алға ілгерілеу бар. Алайда кемшіліктер де аз емес, алда жұмыс көп. Ең бастысы, экономика ғана емес, азаматтарымыздың тұрмыс салты мен ой-санасы да өзгеруде. Жаңа Конституциямызда жасампаз патриотизм, бірлік, ынтымақ, табиғатты аялау қағидаттары тіршіліктің негізгі иргетасы ретінде бекітілді. Бұған белгілі дәрежеде «Таза Қазақстан» жобасының, яғни, ел жастарының әсері болғаны рас. Мен өздеріңізді мақтан тұтамын. Сіздерге алғысым шексіз. Екі жылда аталған прогрессивті бастама жалпыұлттық қозғалысқа айналды. Жобаның мазмұнмен толығып, шын мәнінде, Әділетті Қазақстан идеясының өзегіне айналып келеді. «Таза Қазақстан» қағидаты, «Заң және тәртіп», «Адал азамат» тұжырымдамалары тұтас құндылықтар жүйесін құрап, мемлекеттік басқару мен қоғамның ажырамас бөлшегі болуға тиіс. Мұны жан-жақты ілгерілету үшін беделі биік белгілі азаматтарды тартқан дұрыс. Жаңа идеологияның басты дәріптеушісі – жастар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» бастамасын дамыту аясында жануарларға қамқорлық мәдениетін қалыптастыруға мемлекет пен жұртшылықтың, нақты айтқанда, заң шығару тұрғысынан Парламенттің араласпасына болмайды. Бірақ біз қорғансыз жануарларды жәбірленген фактілерге де бейжай қарамауымыз керек, атап айтқанда, үй жануарларын азаптағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан дұрыс. Осындай тәсілдер қоршаған ортаға озық әрі жауапты көзқарас қалыптастырады деп ойлаймын. Бұл да «Таза Қазақстан» аясында атқарылуға тиіс істің бірі» деді Президент.

ЕҢБЕККӨРЛІК НАСИХАТТАЛУЫ ТИІС

Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық мәдениетті қалыптастыру ісінде білім жүйесіне баса мән беруді маңызды мәселе ретінде атады. «Тазалықтың тірегі – тәрбие. Балаларды экологиялық мәдениет пен еңбекке мектеп жасынан баулу қажет. Сондықтан экологиялық акцияларға оқушылар мен студенттердің белсене қатысқаны жөн. Осыған орай, Оқу-ағарту министрлігіне «Жасыл сабақтар» жобасын қабылдауды тапсырамын. Білім ордаларында суды және қуат көзін үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау ісін дәріптейтін бастамаларды қолға алу қажет. Сондай-ақ оқушылар мен студенттердің экология мәселесіне арналған ғылыми ізденістеріне жан-жақты қолдау көрсету керек. «Таза Қазақстан» халқымызды жаңа сапалық деңгейге көтеретін ұлттық идея болуға тиіс. Оны қоғамда терең орнықтыру үшін мәдениет саласының, әсіресе, креативті индустрияның әлеуетін барынша пайдаланған жөн. Еңбекқорлық, ұқыптылық, адалдық, жасампаздық құндылықтары фильмдер, сериалдар арқылы да насихатталуға тиіс. Бұл жұмыста бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желінің де мүмкіндігін дұрыс қолдану керек» деді Мемлекет басшысы.

ТҮПКІ МАҚСАТЫМЫЗ – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚҰРУ

Президент қазір елімізде түбегейлі өзгерістер қолға алынып, ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді. «Наурыз айында өткен республикалық референдумда жаңа Конституциямызды қабылдадық. Осылайша, ел тарихының жаңа парағын аштық. Біздің түпкі мақсатымыз – «Заң мен тәртіп» қағидаты берік орныққан қауіпсіз және әділетті қоғам құру. Жас ұрпаққа, яғни сіздерге өркениетті, беделді, дамыған мемлекетті аманат етіп қалдыру. Осы жолда бәріміз табанды еңбек етуіміз керек. Ал Отанға қызмет қарапайым дүниелерден басталады. Тал егу, айналаңды таза ұстау арқылы елге пайдалы болуға, яғни ұлтқа қызмет етуге болады. Мен жастардың, еріктілердің елімізді көркейтуге қосқан орасан зор үлесін жоғары бағалаймын. Адал еңбектеріңізді ерекше құрметке лайық деп санаймын. Тазалық – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі. Ой-ниеті және ары таза адам ешкімге ешқашан қиянат жасамайды, ондай адам елін де сатпайды. Тәртіпке бағынып, түзу жолдан да адаспайды. Айналасына қамқор, жақындарына жанашыр болады. Елдің көшін алға бастап, ұлт сапасын жақсартуға атсалысады. Мен бәріңізді дәл осындай азамат деп есептеймін. Баршаңызға тағы да сәттілік тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, Отан алдындағы адалдығын нақты ісімен көрсеткен бір топ азаматты марапаттады.

№49 (4947) 28/04/2026 Сейсенбі

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Елорда әкімінің орынбасары Ерсін Өтебаевтың қатысуымен өткен қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында қалалық инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мәселелері қаралды.

Күн тәртібіндегі негізгі тақырыптардың бірі қоғамдық көлікті жаңарту болды. Қала тұрғындары мен депутаттар корпусынан түскен өтініштерге сәйкес, көп жылдар бойы пайдаланған автобустарды кезең-кезеңімен ауыстыру жоспарлануда. Ескірген жылжымалы құрам қазіргі заман талаптарына сай келмейді, жолаушылар үшін қолайсыз әрі қаланың экологиясына кері әсерін тигізеді.

Күн тәртібі аясында сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тасымалдар тізбесі бекітілді. Бұл тізбе маршруттық желіні дамытуға, тасымалдаушылардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге және қоғамдық көліктің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, тұрғындардың нақты қажеттіліктері мен қолданыстағы көлік схемасын ескере отырып, бес жаңа маршрут енгізілді.

Авиациялық инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Депутаттар әуежайды «дайын күйде тапсыру» қағидаты бойынша жаңғырту жобаларын қолдады. Қазіргі уақытта «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайының Т2 терминалына түсетін жүктеме оның жобалық қуатынан едәуір асып отыр, бұл қайта жаңғыртуды қажет әрі өзекті етеді.

«Дайын күйде тапсыру» форматында іске асыру жобаны жеделдетуге, мерзімдердің сақталуын қамтамасыз етуге және әуежай инфрақұрылымын жаңғырту тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



АЙ СОҢЫНА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ

Ұлттық кітап күніне орай елордада «Мен оқыған 10 кітап» атты акция басталды. Бастаманың мақсаты – қоғамда кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып, әр азаматты жылына кем дегенде 10 кітап оқуға ынталандыру болатын. Бұл бастама сәуір айының соңына дейін жалғасады.

Шара аясында қатысушылар соңғы жылдары оқыған кітаптарының тізімін ұсынып, өзіне ерекше әсер қалдырған шығармалар туралы қысқаша ой бөліседі. Мұндай формат кітапты тереңірек түсінуге және оқырмандар арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

– Маған ерекше әсер қалдырған шығармалар қатарында А.Құнанбайұлының «Қара сөздері», М.Әуезовтің «Абай жолы», І.Есенберлиннің «Көшпенділері», Б.Момышұлының «Ұшқан ұясы», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдары», О.Бөкейдің «Қар қызы», Т.Әбдіктің «Парасат майданы», Ш.Құдайбердіұлының «Үш анық» еңбегі, сондай-ақ әлем әдебиетінен Джордж Оруэллдің «1984» және Эрих Мария Ремарктің «Үш жолдас» романдары бар, – деді «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директорының орынбасары Бекболат Арыстанбеков.



«Мен оқыған 10 кітап» акциясы – кітап оқу мәдениетін қолдауға бағытталған ашық әрі қолжетімді бастама. Ұйымдастырушылар барша қазақстандықтарды осы акцияға қатысып, өз оқырмандық тәжірибесімен бөлісуге шақырады. Аталған іс-шараға зиялы қауым, мәдениет және спорт саласының өкілдері, кәсіпкерлер мен жастар белсене қатысуда.

«АТАТҮРІК» САЯБАҒЫ КӨГАЛДАНДЫРЫЛДЫ

Байқоңыр ауданының «Ататүрік» саябағында өткен экологиялық акцияға 300-ден астам адам қатысты. Олар аумақтарды тазалап, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізді, қоғамдық орындарды ретке келтіріп, қоқыс жинады.



Саябақтағы жалпықалалық сенбілікке қатысқан 40-қа жуық зейнеткер аудандық Белсенді өмір сүру орталығының қызметкерлерімен бірлесе отырып 300 түп ағаш отырғызды.

– Бүгін Орталық зейнеткерлері саябақта алма ағаштарын отырғызды. Аға буын өкілдері тазалық жұмыстарына белсене қатысу арқылы жастарға үлгі көрсетіп отыр. Қазіргі таңда Орталықтың барлық аудандарындағы зейнеткерлер сенбілікке шығып, Астанамызды көркейтуге өз үлестерін қосуда, – деді Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Серік Қарабатыров.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, жұмыс ағаш сирек отырғызылған учаскелерде жүргізілді.

«Қаланың жасыл желекке толы болғанын қалаймыз. Біз бұл туралы жиі айтамыз, бірақ оған өзіміз де атсалысуымыз маңызды» деді елордалық Ербол Айдосұлы.

Сонымен қатар тұрғындар негізгі фактор ретінде отырғызылған ағаштарға кейінгі күтімнің де маңызын атап өтеді. Олардың айтуынша, тұрақты суару мен бақылау болмаса, ағаштардың бір бөлігі жерсінбеуі мүмкін. Соған қарамастан, акцияға көп адам қатысып, абаттандыру жұмысына атсалысты.

Елордада «Астана» концерт залында «Ағалар ерлігі – ұрпаққа ұлағат» атты әскери-патриоттық акция өтті. Әскери борышын өтеушілер Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Құрлықтық әскери қызметіне аттанады. Іс-шараға қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов бастаған ардагерлер, елге еңбек сіңірген зейнеткерлер қатысты. «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдердің әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері мен студенттер көрермен залын толтырды. 1200-ден астам мектеп оқушылары қамтылды.

АҒАЛАР ЕРЛІГІ – ҰЛАҒАТ



Жауынгерлік отансүйгіштік акция концерт залына ҚР Мемлекеттік Туының енгізілуімен басталып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Болашақ сарбаздарға арнап ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Асқар Мұстабеков сөз сөйлеп, әскери борышын орындап қайтқан сарбаздарға жоғары оқу орындарына түсуге арналған сертификаттарды табыс етті.

Салтанатты жиында сөз алған Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты Ғалиасқар Сарыбаев әскери қызмет кезінде орнықты мінездің қалыптасатынын, тәртіптің енгізілетінін, сондай-ақ сарбаздық қызмет жастар үшін әлеуметтік көтермелеу болатынын атап көрсетті.

Сенатордың айтуынша, бүгінгі күнге дейін әскери борышын жақсы атқарған он мың жасөспірімге оқу гранттары берілген.

Бұдан кейін ҚР Қарулы Күштер ардагерлері республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, зейнеткер генерал-майор Марат Нағұманов Ұлы Отан соғысына аттанған Ақмола дивизиялары мен Ақмолалық қаһармандар жайлы баяндады. Сөз соңында бастауыш әскери дайындықта оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізетін ең үздік мұғалімдерге алғыс хаттар табыс етті.

Раиса АҒЫБАЕВА,
Астана Ардагерлер кеңесі
медиа тобының төрайымы

800 ҰЛАН ҚАМТЫЛДЫ

Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қызметкерлері ҚР ІІМ Ұлттық ұланының әскери қызметшілері мен қызметкерлері үшін қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған ауқымды кездесу өткізді.



800-ден астам қатысушыны қамтыған іс-шара «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында ұйымдастырылып, экономикалық құқықбұзушылықтардың жүйелі профилактикасына бағытталды.

Кездесудің негізгі мақсаты – әскери ұжымдардағы құқықтық тәртіпті нығайту, жеке құрамды алаяқтық схемалардан қорғау және әскери қызметшілердің беделі мен әл-ауқатына зиян келтіруі мүмкін экономикалық құқықбұзушылықтардың алдын алу болатын.

Кездесу барысында департамент қызметкерлері қаржылық пирамидалардың жұмыс істеу тетіктерін жан-жақты түсіндіріп, цифрлық ортадағы алаяқтықтың жасырын белгілерін анықтауды үйретті.

«Дропперлер» қызметіне қатысудың жол берілмейтініне ерекше назар аударылды: әскери қызметшілерге өздерінің банк картасы мен шотын күмәнді қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру үшін үшінші тұлғаға беру оларды ауыр қылмыстарға сыбайлас ететіні және қатаң құқықтық салдарға әкелетіні ескертілді.

Жиында лудоманиямен күрес мәселесі де талқыланды. Спикерлер ойынға тәуелділіктің моральдық бейнені және қаржылық тұрақтылықты қалай бұзатынын, ірі қарыздың пайда болуына және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылыққа әкелетін негізгі себептің бірі екенін түсіндірді.

Кездесу соңында департамент қызметкерлері әрбір әскери қызметшінің жоғары қаржылық мәдениеті мен тәртібі ел қауіпсіздігінің негізі және күштік құрылымдар қатарында заңдылықты сақтаудың кепілі екенін атап өтті.

№49 (4947) 28/04/2026 Сейсенбі

150 ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оған қала тұрғындары, мәдениет қайраткерлері, құрылыс компаниялары, қоғамдық белсенділер, кәсіпорын қызметкерлері, мүлік иелері бірлестіктері, шағын және орта бизнес өкілдері, еріктілер, студенттер және белсенді азаматтар қосылды. Бұл жұмысқа шамамен 930 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Қатысушылар аулалар, көшелер, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерді ретке келтірді.

Акция барысында 2 400-ден астам аула аумағы тазартылып, 100-ден аса саябақ пен гүлзар қамтылды. Көгалдандыруға ерекше көңіл бөлініп, қалада шамамен 10 мың түп ағаш отырғызылды. Сонымен қатар 150 тонна қоқыс шығарылды.

Әрбір тұрғын мен әрбір ұйым көшелер мен аулаларды абаттандыруға үлес қосып, Астананы таза, жайлы әрі экологиялық тұрғыдан қолайлы етуге атсалысты.



Сұлтан СЕЙІТ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ АТСАЛЫСТЫ

«Таза Қазақстан» акциясы аясында елордада ұйымдастырылған сенбілікке Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысты.





Бас шаһардың еңсесі тіктеліп, жыл санап жасылдануын шараға қатысушылар сенбіліктің нәтижесі деп түсіндірді. Бұл жолғы сенбілік Күйшілер аллеясында жалғасты. Экоакция аясында осы жерде 50-ге тарта ағаш отырғызылды.

– Қаланы абаттандыру жұмыстары жиі ұйымдастырылып тұрады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысып, арнайы 50 түп ағаш отырғызды. Мұның барлығы қаланың экологиялық жағдайына жақсы әсер етеді. Сонымен қатар, биыл Қоғамдық кеңестің құрылғанына 10 жыл толып отыр. Қоғамдық кеңестің мүшелері ақылдаса отырып, осы Күйшілер аллеясын таңдап алдық. Былтыр Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің өзі осы аллеяда көшет отырғызуға қатысқан. Өткен жылы қала бойынша 5 мыңдай ағаш егілгенін атай кеткен жөн. Бүгінгі таңда олар жайқалып тұр. Міне, сол үрдісті тағы да жаңғыртып жатырмыз, – деді Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыпов.

БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

«Астана Тазалық» ЖШС-нің бастамасымен қалалық кәсіптік-техникалық колледж және Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығымен бірлесіп ағаш отырғызу экологиялық акциясы өтті.





Іс-шара «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен қалалық ортаны абаттандыру бағытындағы кезекті маңызды қадам болды. Коммуналдық қызметкерлер, оқытушылар, студенттер, сондай-ақ дәрігерлер мен шұғыл медицина жүйесінің мамандары елорданы көгалдандыру ісіне өз үлестерін қосып, қоғамдағы экологиялық жауапкершілікті арттырудың үлгісін көрсетті.

Іс-шараның маңызды бөлігі ретінде үш ұйым арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат экологиялық мәдениетті дамытуға, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға және табиғатқа ұқыпты қарау құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған.

Мұндай бастамаларда коммуналдық қызмет саласы қызметкерлерінің рөлі ерекше. Олар күн сайын қала тазалығы мен тәртібін қамтамасыз етіп, тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырады. Саладағы жетекші кәсіпорындардың бірі – «Астана Тазалық» ЖШС-да 2000-нан астам қызметкер еңбек етеді және 500-ден астам арнайы техника жұмылдырылған.

«Мұндай акциялар – тек қаланы көгалдандыруға қосылған үлес қана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызды тетігі. Әртүрлі сала өкілдерінің бір мақсатта бірігуі қоғамда жаңа жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады» деді «Астана Тазалық» ЖШС бас директоры Альберт Есалиев.

Іс-шара барысында қатысушылар 100-ден астам ағаш көшеттерін отырғызып, елорданың жасыл қорын арттыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға үлес қосты.



1000-нан АСТАМ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

№1 Индустриялық парк аумағында қонақүй және мейрамхана ұжымдарының қатысуымен ауқымды сенбілік өтті.

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Әшімовтің айтуынша, сенбілікке мыңнан астам адам қатысты. Олардың қатарында өндірістік кәсіпорындар, қонақүйлер, мейрамханалар мен кофеханалар қызметкерлері бар. Қатысушылар 1000-нан астам көшет отырғызды.

Туризмді дамыту орталығы басқармасының төрағасы Артём Квашук бұл шараның тек экологиялық емес, біріктіруші маңызы да бар екенін атап өтті.

«Туризм саласынан 15 қонақүй, сондай-ақ мейрамханалар мен дәмханалар қатысып отыр. Біз қаланың туристік күн тәртібін қалыптастырамыз және мұндай акциялар сала қызметкерлерінің басын қосады деп есептейміз. Бұл – командалық жұмыс әрі өзара танысу алаңы. Қонақүйлер мен мейрамханалар бір-бірімен байланыс орнатады. Бұл – маңызды әрі қажетті іс» деді ол.

Radisson Hotel Astana қонақүйінің бас инженерінің орынбасары Анатолий Мешков ұжымның мұндай бастамаларды үнемі қолдайтынын жеткізді.

ЕСКЕРТКІШТЕР ТАЗАРТЫЛДЫ

Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында қала аумағындағы ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұра нысандарын тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Акция аясында елордадағы 60-тан астам ескерткіш пен мүсіндердің аумағы қамтылды. Олардың қатарында Қаныш Сәтбаев, Жамбыл Жабаев, Рақымжан Қошқарбаев, Мұхтар Әуезов, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова және т.б. нысандар бар.

Жұмыс барысында ескерткіштер мен бюстілердің айналасы қоқыстан тазартылып, мүсіндердің сыртқы келбеті жуылды. Ірі нысандарды тазалау үшін арнайы техника, оның ішінде суару машиналары қолданылды. Сонымен қатар жекелеген ескерткіштердің тұғыр бөлігін ретке келтіру, гранит тақталарын қалпына келтіру, жарықтар мен жіктерді бітеу жұмыстары жүргізілуде.

Ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұра нысандарын таза ұстау – қала келбетін сақтаудың, қоғамдық кеңістікке жауапкершілікпен қараудың және тарихи мұраға құрмет көрсетудің маңызды бөлігі.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы бұл жұмыстар елордада тазалық мәдениетін қалыптастыруға, тарихи орындарды ұқыпты сақтауға және қалалық ортаның сапасын арттыруға бағытталған. Тазалау және ретке келтіру жұмыстары жоспарға сәйкес жалғасуда.

ВЕЛОМАУСЫМ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕ?

Айгул УАЙС

Бұқараның жаппай темір тұлпарға мініп, таяқ тастам жерге велосипедпен қатынауы қалалық ортаның сапасын жақсартуда айтарлықтай орны бар. Аз да болса ауаның ластану деңгейін төмендетудің, көшелерде кептеліс мәселесін шешудің маңызды бөлігіне айналуы мүмкін.

Бас қаладағы велоинфрақұрылым ауқымды әрі жүйелі модернизацияға дайындалып жатыр. Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ және «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының қолдауымен жүзеге асуда. Оның негізінде сервистің өзін жаңарту және қайта қарастыру – күнделікті сапарлар үшін заманауи, тұрақты әрі ыңғайлы ету мақсаты жатыр. Мәселен, 1300 электрлі велосипедті іске қосу және желіні 195 станцияға дейін кеңейту жоспарлануда. Салыстырмалы түрде айтсақ: елордада 2014 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан велошеринг жүйесі бүгінде шамамен 155 станция мен 750-ге жуық велосипедті қамтиды екен. Биылғы маусымда пайдаланушыларға тегін сапардың ұзақтығына байланысты 30, 45 немесе 60 минутқа дейінгі үш тариф жоспары ұсынылады. Айлық абонемент құны – 2500-ден 3750 теңгеге дейін, тоқсандық – 6000-нан 9000-ға дейін, маусымдық – 10000-нан 15000 теңгеге дейін. Жеңілдігі бар санаттарға төмендетілген тарифтер қарастырылған. Мысалы, маусымдық абонементті 5000 теңгеден бастап рәсімдеуге болады. Бірақ мынаны ескеру маңызды: тек лимит аясындағы сапар ғана тегін деп есептеледі. Одан әрі уақыт бойынша төлем қосылады – лимиттен асқаны үшін 100 теңгеден бастап, ұзақ сапар үшін 1000 теңгеге дейін. Тағы бір маңызды ереже: аккаунттың минималды теңгерімі 500 теңгені құрауы тиіс. Жеңілдікті абонементтер елордалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ әлеуметтік осал санаттарға қолжетімді. Дегенмен маңызды шектеу бар: жеңілдік тек Астанада тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға ғана беріледі.



Айта кетейік, велошеринг нақты талабы бар сервис болып қала береді. Велосипедті қайтару мерзімін өткізіп алу тәулігіне 30 мың теңгеге дейін шығын әкелуі мүмкін. Егер велосипед 72 сағат ішінде қайтарылмаса, ол жоғалған деп есептеледі және пайдаланушы оның құнын толық өтеуі керек. Зақымдану мен апат жеке қарастырылады, бірақ кез келген жағдайда жауапкершілік пайдаланушыға жүктеледі. Бұл мәселелер велосипед пайдаланушыларға арналған. Олардың қатарын көбейтіп, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндеттің бірі.

Басқа өңірлермен салыстырғанда бас қаламызда велосипед инфрақұрылымы едәуір қалыптасқан деуге болады. Дегенмен негізгі мәселелер, атап айтқанда, велосипед жолдарының аздығына қоса, велосипедпен қауіпсіз және ыңғайлы жүру үшін қолданыстағы көшелер мен жолдарды жаңғырту мен бейімдеу, ыңғайлы әрі қауіпсіз велотұрақтардың жетіспеушілігі күн тәртібінен түспеген. Велосипед жолдары велосипедшілерге барынша қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндей болып тұрған жоқ, қала көшелерінде жол қозғалысының басқа қатысушылармен, мысалы, басқа жеңіл көліктермен ықтимал қақтығысты азайтатындай болуы тиіс.

Дамыған елдерде велосипед көлігін қоғамдық көліктің басқа түрлерімен интеграциялау – осы саланы дамытудың маңызды бір бағыты. Яғни адамдар темір тұлпарынан қалаған жерінде түсіп, қоғамдық көлікке оңай ауысып міне алатындай ыңғайлы көлік тораптарын құруды қамтиды. Қоғамдық көліктерде велосипедтерді тасымалдау мүмкіндігінің қарастырылуы алысты жақын етеді.

Бұқараны велосипедке отырғызудың, таза көлікті экология тұрғысынан насихаттаудың өз мәдениеті бар. Оны танымал қылуға бағытталған ақпарат акциялары, ерте жастан велосипед айдауға үйрету, саябақтарда велосипедті жалға берудің бағасын қолжетімді ету маңызды. Қала тұрғындары арасында велошерулер өткізіп, көліктің артықшылығы мен мүмкіндігін таныстыратын ақпарат материалдары мен ресурстарды қолдану бұл үдерісті жылдамдатып, жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Уақыт өте келе мұның бәрі қаламызда велосипедшілер санының артуына және қалалық ортаның жақсаруына әкеледі.

Егер тасымал көлігін велоспорт деп қарасақ, оның адам ағзасына пайдасы шаш етектен.



ЕЛОРДАДА 2014 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕ ЖАТҚАН ВЕЛОШЕРИНГ ЖҮЙЕСІ БҮГІНДЕ ШАМАМЕН 155 СТАНЦИЯ МЕН 750-ГЕ ЖУЫҚ ВЕЛОСИПЕДТІ ҚАМТИДЫ

Жүрек-қан тамырлары жүйесін нығайтуға, қан айналымын жақсартуға септігін тигізеді. Велоспорт аяқ, арқа және құрсақ бұлшық еттерін дамытуға көмектеседі. Тағы бір маңызды артықшылығы деп тыныс алу жүйесінде, артық салмақтан құтылуда оң әсерін айтқан жөн. Велосипедті белсенді айдау кезінде өкпе қарқынды жұмыс істейді, бұл оның көлемін ұлғайтып, оттегі алмасуын жақсартады.

Бүгінгі таңда Еуропаның көптеген қаласында велосипедшілер жол қозғалысына қатысушылардың үштен екі бөлігін құрайды. Мегаполис тұрғындарының көпшілігі үшін автомобильдің орнына велосипедті пайдалану – қалыпты нәрсе. Жұмысқа барып-келуде таңдау велосипедке түскен елдің көрсеткіші айтарлықтай. Германияда орталықтан алыс аудан тұрғындарының 35%-ы жұмысқа жету үшін велосипедті пайдаланады, ал Ресейде бұл көрсеткіш әзірге 1 пайыздан да аз екен.

2035 жылға дейінгі көлік жүйесін дамыту бағдарламасының дерегінше, Астана жеке мобильділікке арналған желісі ұзын қалалардың қатарына кіруі тиіс. Алдын ала есептеу бойынша бұл көрсеткіш 1000 пайдаланушыға шаққанда шамамен 54 шақырымды құрауы керек. Салыстырмалы түрде: Мәскеуде бұл көрсеткіш – 7 шақырым, ал Парижде – 18 шақырым. Дегенмен елордада веложелінің ұзындығы 153 шақырымды құраса, белсенді пайдаланушылар саны 2 мыңнан асады, демек әр мың адамға шамамен 76 шақырым инфрақұрылымнан келеді. Бұл бұрын жарияланған болжамдардан айтарлықтай жоғары және бірқатар ірі қаланың көрсеткішінен бірнеше есе асып түседі. Веложолдардың едәуір бөлігі саябақтар мен жағалаулар арқылы өтеді. Бұл маршруттарды жайлы еткенімен, күнделікті сапар үшін әрдайым ыңғайлы бола бермейді. Алайда велосипед болашағы бар көлік деп толық көңілмен айта аламыз.

БҰҚАРАЛЫҚ СИПАТЫ БАСЫМ

Елордада Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» шаралары аясында жазғы веломаусымның ресми ашылуы өтті. Спорт іс-шарасы экология мәдениетін арттырып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. 1000-ға жуық адам қатысқан 21 шақырымдық велошеру айналма велосипед жолынан Қосшыға қарай басталып, Үркер тұрғын алабындағы жасыл белдеу саябағында мәресіне жетті.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астана қаласы Бұқаралық-спорттық іс-шаралар дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербайдың айтуынша, бұл іс-шара бір реттік емес, жүйелі түрде өтеді. Ол велошерулер халықты тұрақты дене шынықтырумен айналысуға тарту құралы ретінде қарастырылатынын түсіндірді.



– Негізгі мақсат – тұрғындарды бұқаралық спортқа, әсіресе велосипед тебуге тарту және оны қолжетімді демалысқа айналдыру. Велошеру сонымен қатар білім беруді қамтиды: қатысушыларға жол жүру ережелері мен қалада қолжетімді іс-шаралар туралы ақпарат беріледі. Олар қауіпсіз және белсенді өмір салты мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі. Маусым бойы тағы бірнеше іс-шара жоспарланған, ал жабылу салтанаты дәстүрлі түрде күзде өтеді, – деді ол.

Жарысқа өзінің велосипеді бар кез келген адам қатыса алды. Бұл – жай ғана велосипед жарысы емес, салауатты өмір салтын насихаттауға, қоғамды біріктіруге бағытталған бастама. Велосипед жарысынан кейін тіркелген қатысушылар арасында лотерея ойналып, бағалы сыйлықтар табысталды.



Қатысушылардың арасында жас спортшылар да бар, оларға мұндай жарыстар – жаттығу процесінің бөлігі. Олар велосипед жарысын қосымша сынақ пен төзімді дамыту мүмкіндігі ретінде қарастырады. 12 жасар биатлоншы, Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі Абай Жұмабектің айтуынша, ол әртүрлі жаттығу әдісін біріктіреді. Ал велосипед жарысына қатысу маусымаралық кезеңде формада болуға көмектеседі.

«Мен биатлоншымын және көп жаттығамын, сондықтан жыл бойы формада болу маңызды. Қыста шаңғы, жазда велосипед тебу, сондай-ақ осы тектес жарыстар төзімімді сақтауға көмектеседі. Маған бұл іс-шараларға қатысу ұнайды, себебі олар жақсы ұйымдастырылған» деді ол.

Отбасы жарысына қатысу үрдіске айналуда. Қала тұрғындарының саны артып, балаларымен бірге жарыстарға қосылып, оны ортақ демалысқа айналдыруда.

№49 (4947) 28/04/2026 Сейсенбі



«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ» ӘДЕБИЕТКЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

Елордамызда ұйымдастырылған «Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі түйінделді. Оның аясында жаңа кітаптардың тұсаукесері, авторлармен кездесу және балаларға арналған шеберлік сағаты өтті. Бұл – кітап мәдениетін насихаттап, оқырман мен авторды жақындататын маңызды алаң. Осы орайда көрмеге арнайы келген Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке ҚҰЛКЕНОВПЕН кітап индустриясы мен жазушылардың қазіргі жағдайы туралы әңгімелестік.

– Мереке Әбдешұлы, Ұлттық кітап күні мен «Кітап оқитын ұлт» бастамасы елімізде кітап мәдениетінің дамуына қалай әсер етіп жатыр деп ойлайсыз?

– Президенттің арнайы Жарлығымен белгіленген Ұлттық кітап күні ел руханиятының айрықша мәні бар мерекесіне айналды. Бұл күнмен қатар аталып өтетін Кітапханашылар күні де – бірбірімен тығыз сабақтас, мәні мен мағынасы ортақ ұғымдар. Кітап пен кітапханашының артында үлкен еңбек жатыр: баспагерлер, редакторлар, корректорлар – барлығы да рухани құндылықтың қалыптасуына өз үлесін қосып келеді. Президентіміз «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыру бастамасын көтергелі кітапқа деген қоғамдық көзқарас өзгеріп, рухани құндылықтарға деген қызығушылық айтарлықтай артты. Қазір бұл бастама нақты істермен жалғасып, жастардың кітапқа деген ықыласы мен сүйіспеншілігін күшейтуге жол ашып отыр. Сондықтан сапалы әрі мазмұнды кітаптардың көптеп жарық көруі – уақыттың басты талабы. Аталған бағытта баспалар да белсенді еңбек етіп келеді. Сонымен қатар мемлекет те, соның ішінде Мәдениет және ақпарат министрлігі бұл салаға айрықша көңіл бөліп отыр. Қазір түрлі әдеби сыйлықтар тағайындалып, әсіресе ең үздік әрі көркем безендірілген кітаптарды марапаттау игі дәстүрге айналды. Оларға қаржылай қолдау да көрсетілуде. Мұның бәрі еліміздің рухани тұрғыдан кемелденіп, мәдени кеңістігінің жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын аңғартады. «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыру әдебиетке жаңа серпін береді. Ал сапалы әдебиет ұлттың өресін өсіріп, сапасын көтереді.

– «Ең үздік» немесе «ең көркем» кітаптар қалай таңдалады? Оның негізгі мақсаты қандай?

– Кітаптарды іріктеу – әр баспаның өз құзырындағы жұмыс. Қазір олардың бәрі жазушылармен тікелей жұмыс істеп, сапалы шығармаларды таңдап, өтімді кітаптарды жарыққа шығаруға күш салуда. Өйткені кез келген кітап өз оқырманын табуы керек. Оқырман сол кітаптан өзіне қажетті рухани дүниені алуы тиіс. Қазіргі таңда кітап көп, бірақ олардың бәрі бірдей сапалы емес. Сондықтан көркемдік деңгейі жоғары, мазмұны терең шығармалар қажет. Баспалар дәл осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Яғни кітап шығару ісінде нарық талабы мен оқырман талғамы – басты назарда.

– Жазушылар арасында қаламақы мәселесі жиі көтеріледі. Бұл туралы не айтасыз?

– Қаламақы – өте күрделі мәселе. Кеңес кезеңінде бұл жүйе нақты жолға қойылған еді: жазушылар өз еңбегіне қарай лайықты қаламақы алатын. Ал бүгінде жағдай мүлдем өзгерді. Бұл тек бізге ғана тән емес, жалпы әлемдік үрдіске айналып барады. Сондықтан жазушылар еңбегін бағалаудың жаңа, тиімді жолдарын қарастыру – уақыттың өзекті мәселесі. Бұл тұрғыдан алғанда, мемлекет тарапынан белгілі бір қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтқанда, кітаптар мемлекеттік тапсырыспен шығады немесе қолжазбалар сатып алынады. Бұл – жазушыларды қолдаудың маңызды тетігінің бірі. Дегенмен мұны жеткілікті деп айту қиын. Кітап жарық көргеннен кейін оның таралуы, оқырманға жетуі және автор еңбегінің лайықты бағалануы аса маңызды. Осы орайда баспалар да белсенділік танытып, сапалы шығармаларға жоғары қаламақы тағайындап, талантты жазушыларға алдын ала сыйақы ұсынып, сұранысқа ие кітаптарды тапсырыспен шығарса, бұл екі тарап үшін де тиімді болар еді.

– Қазақстан Жазушылар одағында қанша мүше бар?

– Мен кейде «қазір оқырман азайып, жазушы көбейіп барады» деп әзілдеймін. Шынында, біздің қоғамда жазуға деген қызығушылық жоғары – өз еңбегін жариялап, оқырманға ұсынғысы келетін адамдар көбейіп келеді. Бірақ олардың бәрін бірдей керемет жазушы деп айту қиын. Саннан сапа туатынын ескерсек, солардың арасынан талантты қаламгерлер де шығуы мүмкін. Қазіргі таңда Жазушылар одағында 1200-ден астам мүше бар. Бұл – аз да, көп те емес көрсеткіш. Сонымен қатар 800-ге жуық адам мүшелікке өтініш берген. Одақ жағынан арнайы комиссия құрылған, сол комиссия олардың арасынан лайықтыларын іріктеп қабылдайды. Биыл 60 адам одақ қатарына қабылданды. Қабылдау жылына бір рет жүргізіледі.

– Алдағы уақытта жазушыларды ынталандыру бағытында қандай жоспарларыңыз бар?

– Жазушыларды ынталандыру бағытында бірқатар маңызды жұмыс атқарылып жатыр. Бізде қаламгерлер асыға күтетін, үлкен беделге ие «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығы бар. Бұл сыйлық – 20 жылдан бері беріліп келеді және жазушылар үшін үлкен мотивация. Оны иеленген қаламгерлердің кейін мемлекеттік сыйлықтарға да үміткер болуына жол ашылады. Сонымен қатар биылдан бастап балалар әдебиетін дамыту мақсатында «Ертөстік» халықаралық әдеби сыйлығы тағайындалды. Алғашқы жылы-ақ бұл сыйлыққа 13 қаламгер ие болды. Бұл – әсіресе балалар әдебиетіне қалам тартатын жазушыларды қолдауға бағытталған маңызды қадам. Бұдан бөлек, «Қалам рухы» әдеби сыйлығы аясында 70, 80, 90 жасқа толған дарын иелеріне «Алтын қалам», «Күміс қалам», «Қола қалам» сияқты арнайы марапаттар табысталмақ. Бұл сыйлықтар белгілі бір жас межесіне жеткен, қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан үздіктерді құрметтеуге бағытталады.

– Қазақ әдебиетін әлемге насихаттау және шығармаларды шетел тілдеріне аудару жұмысы жайында да айта кетсеңіз.

– Қазақ әдебиетін әлемге насихаттау бағытында жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Алайда бұл – нәтижесі бірден көрінетін шаруа емес, ұзақ мерзімді, табанды еңбекті талап ететін үдеріс. Қазіргі таңда шығармаларды ағылшын, қытай және басқа да тілдерге аудару ісі қолға алынған. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі беделді әдеби сыйлықтарға қатысу үшін нақты қадамдар жасалуда. Аудармаға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері, белгілі қаламгерлер мен абайтанушы ғалымдар қатысты. Іс-шара барысында кітаптың ғылыми маңызы, Абай мұрасын әлемдік деңгейде танытудағы рөлі кеңінен сөз болды.

> Қазақ әдебиетін әлемге насихаттау бағытында жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Алайда бұл – нәтижесі бірден көрінетін шаруа емес, ұзақ мерзімді, табанды еңбекті талап ететін үдеріс. Қазіргі таңда шығармаларды ағылшын, қытай және басқа да тілдерге аудару ісі қолға алынған. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі беделді әдеби сыйлықтарға қатысу үшін нақты қадамдар жасалуда

саласы да біртіндеп дамып келеді. Ағылшын, неміс, француз тілдерін жетік меңгерген кәсіби аудармашылар қосыны қалыптасу үстінде. Бұған қоса, жаңа технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект те бұл үдеріске өз үлесін қосуда. «Қазақ жазушылары қашан Нобель сыйлығын алады?» деген сұрақ та жиі қойылады. Бұл – ұлттық әдебиеттің деңгейін көтеруге деген заңды қызығушылықтан туған орынды сауал. Әрине, Нобель сыйлығына жету үшін алдымен Букер сияқты беделді халықаралық сыйлықтарға қол жеткізу қажет. Яғни бұл – үлкен мақсатқа апарар маңызды баспалдақ. Біз Букер сыйлығына ұсынуға бірнеше жазушыны дайындап жатырмыз. Сол тізімнің басында классик жазушымыз Төлен Әбдік тұр. Оның «Парасат майданы» шығармасын ағылшын тіліне аударып, Букер сыйлығына қатыстыру бағытында нақты жұмыс істеп жатырмыз. Қазақ әдебиетінде әлемдік деңгейдегі сыйлықтарға лайық туындылар бар. Алайда мұндай байқауға ұсынылатын шығармаларды алдымен ағылшын тіліне сапалы түрде аударып, шетелде басып шығару – күрделі әрі ауқымды іс. Жеке қаламгердің оны жалғыз атқаруы қиын. Сол себепті осы жұмысты одақтың өз қолына алуы заман талабы мен уақыт қажетінен туған дұрыс шешім деп есептеймін. Одақ жанынан халықаралық әдеби байланыс бөлімін аштық. Бұл бөлім Қазақстандағы шетел елшіліктерімен тығыз байланыс орнатып, сол елдердің таңдаулы әдеби шығармаларын қазақ тіліне аудару ісін жүйелі түрде қолға алды.

– Әдеби кітаптарды цифрландыру жұмысына назар аударылып жатыр ма?

– Көптеген оқырман кітапты смартфон немесе басқа құрылғылар арқылы оқуды, аудиокітап тыңдауды жөн көреді. Сондықтан цифрландыру – уақыт талабы. Дегенмен қағаз кітаптың орны бөлек екенін де ұмытпауымыз керек. Әрине, бұл жұмысты жүзеге асыру үшін қаржылай қолдау мәселесі маңызды. Қазір осы бағытта нақты қаржыландырудан гөрі мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық әріптестік негізінде жұмыс жүргізіліп келеді.

– Одаққа басшы болып келгенде алға қойған мақсаттарыңыз болды ма? Оның қаншасы орындалды?

– Бұл қызметке үлкен жауапкершілік арқалап келдім. Негізгі ойым – қазақ әдебиетін дамытуға және оны әлемдік деңгейде насихаттауға аянбай атсалысу. Жоғарыда айтып өткенімдей, қазір осы бағытта нақты жұмыс атқарылып жатыр. Сонымен қатар жазушылар мен оқырмандар арасындағы байланысты нығайту үшін өңірлерде көшпелі кездесулер ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта Алматы қаласындағы Жазушылар үйі күрделі жөндеуден өтеді. Жөндеу жұмысы біткен соң, Қазақстан Жазушылар одағының ішінен Абайтану орталығын ашу жоспарланып отыр. Бұл орталық қазақ әдебиетін, соның ішінде ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының мұрасын әлемге танытуға үлкен мүмкіндік береді.

Сұхбаттасқан
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

«АЛЫП АБАЙ» КІТАБЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ



«Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі әдебиеттанушы Сауытбек Абдрахмановтың «Алып Абай. Конгениальность. Congeniality» еңбегінің халықаралық таныстырылымы өтті.

Ауқымды ғылыми еңбек – ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының аудармашылық қырын жан-жақты зерттеуге арналған тұңғыш кешенді кітап. Бұған дейін Абай аудармашылығына қатысты тек 1954 жылы жарық көрген Зәки Ахметовтің «Лермонтов и Абай» атты зерттеуі белгілі еді. Ал жаңа еңбекте Абайдың тек Лермонтовпен шектелмей, әлем әдебиетінің бірқатар классигінен жасаған аудармалары толық қамтылған. Кітапта Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов, Гете, Байрон, Шиллер, Мицкевич, Бунин, Дельвиг, Полонский шығармаларынан жасаған аудармалары түгел талданып, бірде-бір өлең назардан тыс қалмаған. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген еңбектің көлемі 600 бетті құрайды.

Халықаралық таныстырылымға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері, белгілі қаламгерлер мен абайтанушы ғалымдар қатысты. Іс-шара барысында кітаптың ғылыми маңызы, Абай мұрасын әлемдік деңгейде танытудағы рөлі кеңінен сөз болды.

Жаңа еңбек қазақ әдебиеттану ғылымындағы елеулі жаңалықтардың бірі ретінде бағаланып, Абай шығармашылығын терең түсінуге тың серпін бермек.

№49 (4947) 28/04/2026 Сейсенбі

КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕ КӨПШІЛІКТІ ҚЫЗЫҚТЫРДЫ

Елордада бес күн бойы дүрілдеген «Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі аяқталды. Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана қаласының әкімдігі және «Qazaq Creative» креативті индустрияларды дамыту қорының қолдауымен «Фолиант» баспасы ұйымдастырған іс-шара баспагерлердің, қаламгерлердің, сарапшылар мен оқырмандардың басын бір алаңда тоғыстырды. Жалпы алғанда, көрме-жәрмеңкені 43 мыңға жуық адам келіп көрді.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Биылғы көрмеге 80-нен астам ұйым қатысты. Қатысушылардың жартысына жуығын қазақстандық баспалар құрады. Сондай-ақ Ресей, Түркия, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Әзербайжан, Моңғолия, Испания, Қытай, Иран, Беларусь, Португалия, Венесуэла және Ұлыбритания сынды 15 елдің компаниялары өз өнімдерін ұсынды.

Іс-шара аясында қазақстандық және шетелдік авторлар шығармаларының, көркем, ғылыми-көпшілік және балалар әдебиеті жанрларындағы басылымдардың таныстырылымы, фотоальбомдар, мәдениет пен тарихқа арналған кітаптар, сондай-ақ жастар арасында кітап оқуды насихаттауға бағытталған жобалар ерекше қызығушылық тудырды. Авторлармен кездесулер, қолтаңба сессиялары, арнайы тақырыптарды талқылау мен шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, қоғамдық маңызы бар тақырыптар көтерілді. «Заң мен тәртіп» қағидатына орай күн тәртібіндегі мәселелерге де назар аударылды.

– Кітап оқыған адам саналы түрде ешқандай тәртіп бұзуға бармайды. Қоғамдағы тәртіпке әрбір адам баласы жауапты екенін де осы кітап арқылы санаға сіңіру керек деп ойлаймын, – деді бұл туралы белгілі ақын, «АЛЖИР» мемориалды музей-кешенінің директоры Дәулеткерей Кәпұлы.

Астана қаласы Мемлекеттік архивінің қызметкері, ақын, жазушы Ұларбек Дәлейұлы тәртіп бар жерде заң орындалатынын айта келе, кітап оқудың маңызына тоқталды.

– Біздің ата-бабаларымыз дала заңымен тәртіпке бағына отырып, дұрыс өмір сүрді. Соның арқасында мемлекетіміз құрылып, осы күнге аман-есен жеттік. Заң мен тәртіп дегеннің өзі әр адамның жеке мәдениетіне байланысты. Ал адамның мәдениеті, ішкі руханияты қалай қалыптасады? Бұл кітап оқу, өзінің тарихын білу, өткенін бағамдап, саралау арқылы қалыптасады. Мәдениетті ұлтта тәртіп болады. Тәртіп болған жерде заң орындалады. Сондықтан ел ішінде тұрақтылықты сақтап, тыныштықты бұзбау, егемендігіміз бен тұтастығымызды берік ұстау үшін заң мен тәртіпті түпкілікті қалыптастыруымыз керек, – деді қаламгер.

Айтқандай, көрме-жәрмеңке барысында Ұларбек Дәлейұлының «Бату хан» романы таныстырылды. Бұл кітапта Ұлық ұлыс шежіресі, соның ішінде Батудың Батысқа жорығы тарқатылған. Автор кітап мазмұнына кеңінен тоқталып, Батудың Батысқа жорығының тарихи маңызы, кезеңдері мен дереккөздері туралы тың мәліметтермен бөлісті. «Бату хан» – қаламгердің бұдан бұрын жарық көрген «Жошы хан» романының жалғасы, «Ұлық ұлыс шежіресі» сериясымен шыққан екінші кітап. Автор бұл сериясын әлі де жалғастырамын деп жоспарлап отыр.

Бес жыл бұрын Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы қала әкімдігінің қолдауымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнап «Фолиант» баспасынан 30 астаналық қаламгердің кітаптарын шығарды. Соның арасында журналист, жазушы Жадыра Шамұратованың «Секундтар арасындағы шексіздік» кітабы да болды. Биыл аталмыш баспа бұл кітапты толықтырылған нұсқада қайта басты. Осы кітап та көрме-жәрмеңке барысында оқырмандарға жол тартты. Кітапқа енген новеллалар, әңгімелер мен хикаяттар – бүгінгі қоғамның жанды тамырын дөп басқан көркем туындылар. Автор адам тағдырын, қоғамдағы күрделі мәселелерді терең психологиялық иірімдер арқылы шебер бейнелейді. Аутизммен туған балалардың тағдыры, оларды қоғамның жатсынуы, әке мейірімінен қағылуы, құмар ойынның құрсауына түскен жандардың күйреуі, перзентке зар болған ананың мұңы, теріс ағымның жетегінде кетіп, жат жерде құрбан болған жастардың қасіреті кеңінен көрініс табады. Сонымен қатар қартайғанда қараусыз қалған ата-ананың тағдыры да оқырманды бейжай қалдырмайды. Замана шындығын көркем тілмен өрнектеген бұл шығарма оқырманды терең ойға жетелеп, қоғамдағы рухани құндылықтарды қайта бағамдауға шақырады.



«АҚ ЖАЙЫҚТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

«Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінің соңғы күнінде жас жазушы Нұрсұлтан Мықтыбайдың «Ақ Жайықтың көз жасы» кітабы таныстырылды. Іс-шараны жазушы Жадыра Шамұратова тізгіндеп, алғашқы сөз кезегін Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ақұштап Бақтыгерееваға берді.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– Мен алдымен ұйымдастырушыларға алғыс айтқым келеді. Жас зерттеуші Нұрсұлтан Мықтыбайдың әр жылдары жазған дүниелерімді зерделеп, оқырманға ұсынғаны қуантып отыр. Бір кездері «Ақ Жайықтың көз жасы» деген көлемді мақала жазған едім, автор соны негізге алыпты. Шын мәнінде, Ақ Жайықтың жыламаған кезі жоқ. Әлі де буырқанып, ішінен тынып, ебіл-себіл болып жатыр. Қалай болған күнде де Ақ Жайықты жылатуға болмайды, – деді ақын тебіреніп.

– Ақұштап Бақтыгереева туралы айтқанда тереңнен толғануға болады. Оның әр жазған шығармасы оқырман жүрегінен орын тапқан. Қазақтағы аяулы ақын қыздардың бірі де бірегейі. Батыл, ешкімнен тайсақтамайтын, ойына келгенін орынды жеткізе білетін ақынның болмысы, оның адалдығы – кейінгі ұрпаққа үлгі. Ал Ақұштап жазған сүбелі дүниелерге зерттеу жасап, байыбына бара алған Нұрсұлтан бауырыма мың алғыс, жазары көп болсын! – деді ғалым Серік Негимов.

Кітап таныстырылымында қазақтың бұлбұл көмей әншісі Сәуле Жанпейісова Ақұштап Бақтыгерееваның сөзіне жазылған «Кіммін мен?» әнін және Нұрсұлтан Мықтыбайдың сөзіне жазылған «Ақұштап – ақ шағала» әндерін орындап, көрермен ықыласына бөленді. Ақын Ұлықбек Есдәулет «Ақ Жайықтың көз жасы» кітабы арқылы Ақұштап Бақтыгереева оқырманына жаңа қырынан танылып отырғанын айтып, шығармашылығына шолу жасады.

– Нұрсұлтан Ақұштап апайдың азаматтық позициясын, ер-азаматтардан кем соқпайтын қайраткерлігін зерттеп, зерделеп жазған екен. Бұл кітап резонанс тудырады, өйткені қазіргі геосаясат үстем заманда тойшыл, бейқам қазақ қоғамы үшін маңызы зор деп білемін. Үлкен әдебиетте, проза, поэзия жанрында өзіне ғана тән дара үні болу бағы биік бағаланса, ол ерекшелік Ақұштап ақынның шығармашылық қазынасында бар. Ақұштап апай – менің кейіпкерім. Мен ақын өмірінен алып екі әңгіме жаздым және Ақұштап деп өз есімімен жаздым. Нұрсұлтан Мықтыбайдың мына кітабы деректі, зерттеу жанрының еншісі болса, менікі – көркем проза, – деді «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, «Айбоз» ұлттық сыйлығының лауреаты, жазушы, кинодраматург Айгүл Кемелбаева.

Ақұштап Бақтыгерейқызының шығармашылығына үңіліп, оның жазғандарын оқырманға ұсынуды өз парызым санадым деп кешті түйіндеген автор өз оқырмандарына алғысын жеткізді.

ЖЫР МЕН КҮЙ ЖӘНЕ ӘН

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерт ұйымы «Біздің жәрмеңке» атауымен үш күн бойы ұлттық өнерді ұлықтаған концерттер сериясын өткізді. Алғашқы күні жыр, екінші күні күй, ал үшінші күні ән сахнада салтанат құрды. Осы кештердің барлығына Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева құттықтау жолдады.

Белгілі жырау, фольклор зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматовтың 70 жас мерейтойына арналған концерт «Жыр-дастан» атауын иеленді. Мерейтойлық кеште жыр-дастандар мен терме-толғаулар орындалды. Кештің басты ерекшелігі – ұрпақтар сабақтастығы. Сахнада Алмас Алматов «Жыр бастау» шығармасын көрерменге тарту етсе, немере-шөбере шәкірттері де өз өнерін көрсетіп, жыршылық дәстүрдің сабақтастығын айқын аңғартты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ұлжан Байбосынова, Сәуле Жанпейісова, Ерболат Шалдыбеков, Клара Төленбаева, Ерлан Рысқали, Елмұра Жаңаберген және өзге де өнерпаздар жыр-дастандарды нақышына келтіріп орындады. Сонымен қатар Ақтамберді, Оңғар, Шернияз, Тұрмағамбет, Махамбет, Нартай, Жамбыл, Әсет, Қази Қалиұлы, Тасберген, Алмас Алматов, және т. б. туындылары шырқалды. Белгілі жыршы Марат Сүгірбай Алмас Алматовтың «Шыңғыснама» дастанынан үзіндіні көрерменге әсерлі түрде ұсынып, ерекше ықыласқа бөледі. Өнер кешінде белгілі айтыскер ақын, жыршы, термеші Еркебұлан Қайназар кеш қатысушыларын таныстырып отырды. Кешті барлық өнерпаз Нұртуған жыраудың «Қанекей, тілім сөйлеші» туындысымен аяқтады. Өнерпаздар жыр-термелерді «Astana sazy» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен орындады. Іс-шарада еліміздің әр өңірінен келген жыршы-термешілер мен дәстүрлі өнерді насихаттап жүрген танымал өнерпаздар, сондай-ақ, «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртістері мен «Gulder» ансамблінің балеті өнер көрсетті.



Белгілі күйші, фольклортанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Айтжан Тоқтағанның 80 жас мерейтойына орай өткен «Күй шежіре» концертінде қазақтың күй өнері дәріптеліп, ұлттық мұраны жаңаша қырынан танытатын ерекше рухани шара болды. Мерейтойлық кеште Тәттімбет, Құрманғазы, Дина, Ахмет Жұбанов, Төлеген Момбеков, Нұрғиса Тілендиев, т. б. күй майталмандарының күйлері күмбірледі. Іс-шарада еліміздің әр өңірінен келген Айтжан Тоқтағанның шәкірттері, күй өнерін насихаттап жүрген танымал өнерпаздар, сондай-ақ «Gulder» ансамблінің балеті өнер көрсетті.

Ал көрнекті әнші, композитор, Қазақстанның халық әртісі Дәнеш Рақышевтың туғанына 100 жыл толуына арналған кеш «Ән ғұмыр» атауымен өтті. Концерт бағдарламасында Дәнеш Рақышевтың шығармашылығы кеңінен таныстырылып, оның қолтаңбасына айналған танымал туындылар шырқалды. Атап айтқанда, «Жетісу-Қарқара», «Бақытым бол», «Белжайлау», «Саясында алманың», «Жан-жақтағы бауырлар», «Ән салайын» және т. б. туындылар орындалды. Бағдарлама тек еске алу кеші емес, сонымен қатар ұлттық ән өнерінің даму жолын көрсететін үлкен мәдени оқиғаға айналды. Әрбір орындалған ән көрерменді өткен дәуірмен байланыстырып, қазақ музыкасының шынайы болмысын сезіндірді.

Қалалық Ардагерлер кеңесі Есіл ауданы ардагерлер кеңесінің төрайымы Шәрипа Әбенқызы Өстеміровaның ардақты ұлы

Өміржан Темірбайұлы Өстеміровтің

кенеттен қайтыс болуына байланысты жанұясы мен балаларына, туған-туыстары және жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№49 (4947) 28/04/2026 Сейсенбі

АРҚАЛЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы сахнасында өткен «Арқалықтың ақ таңы» концерті Торғай топырағының рухани қазынасын жаңғыртқан тағылымды кешке айналды. Бұл концерт тек музыкалық шара ғана емес, ел тарихы мен рухын, өнері мен тағдырын бір арнаға тоғыстырған әсерлі мәдени оқиға болды.



Кеш шымылдығы композитор Ертай Бәкіровтің халық батыры Амангелді Имановқа арналған «Еркіндік» туындысымен түріліп, көрерменді бірден ерлік пен азаттық рухына жетеледі. Осы сәттен бастап-ақ сахнада тек әуен ғана емес, тұтас бір дәуірдің үні, халықтың жүрек дүрсілі сезілді.

Торғай – қазақ руханиятының алтын бесігі. Қасиетті өңірде Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың сөзін түзеп, Міржақып Дулатұлы елдің намысын жырлады. Азаттық үшін атқа қонған Амангелді Иманов, Кейкі Көкембайұлы сынды батырлар ерлігі – бүгінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге. Концерт барысында осы тұлғалардың рухы өнер тілімен қайта жаңғырып, көрермен жүрегіне жол тартты.

Кештің өзегіне айналған «Арқалықтың ақ таңы» әні – Мұхтар Шаханов пен Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық үндестігінің шоқтығы биік туындысы. Бұл ән арқылы туған жерге деген сағыныш, ұлттық болмысқа деген іңкәрлік айрықша сезілді. Көрермен қауым жақында ғана өмірден өткен Мұхтар Шахановты бір минут үнсіздікпен еске алып, оның рухына тағзым етті.

Сахна төрінде симфония оркестрі (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдинов) мен «Қорқыт» этноансамблінің үйлесімі ұлттық музыка мен классикалық бағыттың тамаша синтезін көрсетті. ҚР мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбектің шығармалары, сондай-ақ дәстүрлі күйлер мен заманауи туындылар кеш мазмұнын байыта түсті. Әсіресе «Кейкі батыр», «Көк түріктер», «Сұлтан Байбарыс», «Аманат» секілді шығармалар арқылы тарихтың терең қатпарлары көркем бейнеленді. Тілептің күйі «Бақсы», ақын Құтжан Қанжығалиннің «Аққайың», Төлен Әбдіктің күйі «Төрт түтін», Қайыржан Мақановтың күйі «Сағыныш», Айтбай Мұздахановтың «Амангелді дүбірі» күйлері орындалып, ел рухын асқақтатты.

Концерт барысында Торғай өңірінен шыққан өнер иелерінің мол мұрасы кеңінен насихатталды. Ән мен күй, жыр мен толғау арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік, елдік рух, ұлттық сана айқын көрініс тапты. Хор және эстрада блоктары кештің көркемдік аясын кеңейтіп, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Аққұм» әні, Қазақстанда көп дауысты хор музыкасы жанрын қалыптастыруда ерекше еңбек еткен, «Почташы», «Су тасушы қыз», «Домбыра», «Алма ағаштар жайнайды», «Айгөлек», тағы да басқа танымал әндердің авторы, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Бақытжан Байқадамовтың әндері шырқалды. Қазақтың ұлтжанды перзенттерінің бірі, Ахмет Жұбановтай классиктердің өмір мектебінен өткен композитор, домбырашы, дирижер, актер Болат Хамзиннің «Торғай қызы» әнін Айзат Хамзина және «Балауса» балалар хоры (көркемдік жетекшісі – Ләззат Хамзина) орындады.

Қазақ әдебиетінің өркендеуіне зор үлес қосқан журналист-жазушы, аудармашы, энциклопедияшы-ғалым, ҚР Баспасөз және полиграфия ісінің еңбек сіңірген қайраткері, телегей теңіз еңбегі бола тұра, тасада қалуды жөн көрген марқұм Танатқан Рсаевтың сөзіне жазылған, композитор, Торғай өңірінің тумасы Салтанат Сұлтанованың «Байтақ далам» әнін «Айналайын» балалар хоры орындап (көркемдік жетекшісі – Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, ҚР мәдениет саласының үздігі Гүлмира Жангелдіқызы), елдің ықыласына бөленді.

Қалибек Деріпсалдин, Алтай Сейтқасымов, Бақытжан Сәуекенов, Жұмағали Өмірбеков, т. б. танымал ақын-композиторлардың шығармалары орындалып, үлкен буын көрермендерді жастық шақтарымен қауыштырды. Осы аталған үлкен композиторлардың ізбасарлары, жас буын ақын-композиторлардың да шығармалары кештің ажарын ашты.

Кештің шарықтау шегі – «Арқалықтың ақ таңы» әнінің орындалуы. Бұл сәтте сахна мен көрермен арасындағы байланыс ерекше тереңдікке жетіп, әр жүректе туған жерге деген сағыныш пен мақтаныш сезімі оянды. «Арқалықтың ақ таңы» әнін Жұбаныш Жексенұлы таныстырса, бұл кеште халықаралық дәрежедегі әнші, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сұндет Байғожин орындады.

Толқын СҰЛТАН



ИНКЛЮЗИВТІ БИ ФЕСТИВАЛІ

Ұлттық музейде Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Инклюзивті би: тең мүмкіндіктер алаңы» тақырыбындағы «Мейірім» балалар шығармашылығының VIII инклюзивті музей фестивалі өтті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын фестивальдің басты мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік-мәдени бейімделуіне қолдау көрсету, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, таланттарын ашу және қоғамда тең мүмкіндіктер құндылықтарын насихаттау. Фестивальге Астана қаласы мен еліміздің өңірлерінен 140-тан астам өрен қатысты. Қатысушылар қатарында әлеуметтік орталықтар, қоғамдық қорлар, арнайы мектептер мен шығармашылық ұжымдар бар. Сахна төрінде қазақ және әлем халықтарының билері, заманауи хореография қойылымдары, сән театрларының көрсетілімі мен ерекше шығармашылық нөмірлер ұсынылды. Әр қатысушы өз өнерімен көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Қорытынды кезең «Инклюзивті би және мүгедектігі бар адамдарды би арқылы оңалту: Қазақстан мен Ресей тәжірибесі» тақырыбындағы дөңгелек үстелмен жалғасты. Кездесудің басты спикері ретінде «Inclusive Dance» қозғалысының негізін қалаушы, педагогика ғылымдарының кандидаты Леонид Тарасов сөз сөйлеп, инклюзивті би бағдарламаларын енгізудегі көпжылдық тәжірибесімен бөлісті. Жиында инклюзивті хореографияны сахналау және білім беру үдерісіне енгізу мәселелері, көркемдік және педагогикалық тәсілдер, сондай-ақ инклюзия арқылы шығармашылық әлеуетті дамыту тақырыптары кеңінен талқыланды. Дөңгелек үстел барысында қатысушылар инклюзивті бағытты дамыту бойынша өзара тәжірибе алмасып, кәсіби пікір алмасты. Кездесу тәжірибе алмасуға, кәсіби диалог жүргізуге және инклюзивті бағытты дамытуға арналған жаңа тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік берген маңызды алаң болды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫ

Астанада жыл сайын өтетін Run for Autism төртінші қайырымдылық жүгіру жарысы өтті. Жиналған 42 млн теңгеден астам қаражат аутизмі және өзге де менталдық бұзылыстары бар жасөспірімдер мен ересектерді кәсіби оқытуға бағытталады. Іс-шараны Bolashak Charity серіктестердің қолдауымен ұйымдастырылды.

Жарыстың мақсаты – қоғамның аутизм туралы хабардарлығын арттыру, аутизмі бар адамдардың өмір сапасын жақсарту, олардың әлеуметтенуі мен өзін-өзі басқаруға жағдай жасау, сондай-ақ инклюзияны дамыту. Іс-шара аутизм мәселесі туралы ақпараттандыру айына орайластырылды.

Run for Autism – аутизмді зерттеуді қолдауға қаражат жинауға бағытталған халықаралық бастама. Қазақстанда бұл жарыс алғаш рет 2023 жылы өтті. Үш жыл ішінде жарыстарға 6443 адам қатысып, 42348444 теңге қайырымдылық қаражаты жиналды. Осы қаражатқа Астана қаласы мен Қостанай облысы аумағындағы балабақшаларда, мектептерде және колледждерде 25 инклюзияны қолдау кабинеті ашылды.



Қайырымдылық жүгіру жарысына еліміздің 26 қаласынан 5000 адам қатысты. Соның ішінде даму ерекшеліктері бар 100-ден астам адам бар. Онлайн-жүгіру жарысына Қазақстанның 30 қаласынан, сондай-ақ Ұлыбритания мен Ресей елдерінен 140 адам атсалысты. Іс-шара аясында дәстүр бойынша аутизмі және өзге де даму ерекшеліктері бар балаларға арналған «Көңілді старттар» спорт-ойын эстафетасы өтті. Оған денсаулығында түрлі ауытқушылықтары бар 5 пен 14 жас аралығындағы 180 бала қатысты. Эстафетадан кейін балаларға іс-шара серіктестерінің сыйлықтары тапсырылды.



– Run for Autism – ерекше шара. Өйткені оған біздің жобаларымыздағы жасөспірімдер, олардың отбасылары, педагогтар, серіктестер және қор достары қатысады. Сондықтан бұл жүгіру жарысы жай ғана іс-шара шеңберінен шығып, түрлі қаладағы адамдарды ортақ идея төңірегіне біріктіретін шынайы қозғалысқа айналды. Бүгінде балалар өсіп, есейіп келеді. Біздің бағдарламаларымыз да дамуда. Біз аутизмі бар жасөспірімдер мен жастарды кәсіби оқыту бағытын кеңейтіп жатырмыз. Биылғы жүгіру жарысы аясында жиналған қаражат дәл осы мақсаттарға бағытталады, – деді Bolashak Charity ҚҚ қамқоршылық кеңесінің төрайымы Динара Гаплан.

Мәре сызығын кесіп өткен қатысушыларға естелік медальдар табысталды, ал әр қашықтық бойынша алғашқы үш жеңімпаз дипломмен марапатталды. Жарысқа қатысушылар арасында 20-дан астам бағалы сыйлықтар мен тартулар ойнатылды. Олардың қатарында екі адамға арналған Грузия еліне саяхат және басқа да сыйлықтар бар.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**
Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 49
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ